




7-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Утилитаризм





Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Утилитаризм

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

Утилитаризм бақыттың өлшемі.

Осы дәрісте біздің негізгі сұрағымыз - саяси міндеттеме мәселесін талдауды жалғастыра отырып, кең тараған утилитаристік тұрғыдан шешімін іздеуге тырысамыз.

Жалпы алғанда, утилитаризм (лат. utilita - пайда) - Бентам мен Милль бастаған, Джон Стюарт Милль (1806-1873) толықтырған этикалық және саяси теория. Бұл теорияның негізін Адам Смиттің (1723–1790) әділеттілік пен моральдің негізгі өлшемі – тиімділік пен пайда, деген тұжырым жатыр!

Утилитаризм практикалық либерализмнің көрінісі ретінде демократиялық басқарудың шынайы процестерін нақты түсіндіруіне бәрінен жақын тұрады. Мысалы, Заманауи әлеуметтік мемлекет үлгісі таза утилитарлық болып табылады.

Сондықтан, ляззат, бақыт, пен игілікті көбейту, керісінше қайғы-қасіретті азайту - кез-келген іс-әрекеттің бастапқы себептері болады деген ұстынымда. Олар адамдарға олардың жеке мүдделерін қанағаттандыра отырып, «көп адамға үлкен бақыт сыйлау» қағидасын ұстанды. Бұл жерде іс-әрекеттің үлгі-өнегелігінің нәтижесі математикалық түрде есептеліп, кенелген қуаныш пен шеккен жапа арақатынасымен айқындалады.

Қоғамдық келісім-шарт аргументінің дәрменсіздігі, анархизмнің тартымсыздығы утилитарлық теорияны зерттеудің маңызын арттыра түседі. Утилитаризмнің түбегейлі идеясы - кез-келген жағдайда моральдық тұрғыдан алғанда дұрыс әрекет ету дегеніміз - мүмкіндігінше жалпыға ортақ пайда әкелуі тиіс. Утилитаризмді әркім әртүрлі түсінеді: бақыт, ләззат алу немесе адамның тілегі мен қалауларын қанағаттандыруы деп қарастыратындар да бар. Осы талқылаудағы мақсатымыз үшін бұлардың қайсысын таңдайтынымыз аса маңызды емес, сондықтан, ыңғайлы болу үшін бақытты барынша кеңейте түсу жөнінде сөз қозғайық. Қарапайым тілмен айтсақ, Утилитаризм берілген уақытта өзге іс-қимылға қарағанда әлемді бақыттырақ етуге көмектесетін іс-қимылды талап етеді. – дейді Джонатан Вульф.

Егер біз утилитаризмге мән берер болсақ, онда бізге бақытты өлшеп үйрену керек, сол арқылы оны арттыру үшін қандай іс-қимылдарға баруымыз қажеттігін анықтай алар едік. Ал мұны жүзеге асыру оңай емес. Сонымен қатар, егер белгілі бір жағдайларды салыстырғымыз келсе, өлшем жасауға көмектесетін, айталық бақыт бірлігін өлшем ретінде алатын, қандай да бір шкала қажет. Мұны қалай жүзеге асыра аламыз? Теория екі адамның бақытын салыстырып, кімнің бақыты көбірек екенін айтуды ғана емес, сонымен бірге қаншалықты көп екенін айтуды талап етеді. Олай болса, мына секілді тұжырымдардың мәнін түсінер едік: «Бүгін Фрэд Чарлиге қарағанда екі есе бақыттырақ, дегенмен кеше ол үш есе бақыттырақ еді». Көп адамға бос сандырақ болып көрінеді. Бақытты осылайша санмен бағалауға тырысу көбіне баланың ойыны сияқты көрінеді.

Бақытты салыстыру тәсілін іздестіру мәселесі «тұлғааралық пайдалылықты салыстыру» мәселесі ретінде белгілі. Бір қызығы, он тоғызыншы ғасырдағы утилитаризмнің негізін қалаған ойшылдардың ешқайсысы бұл проблеманың күшін анықтай (көре) алмады, дегенмен соңғы отыз-қырық жылда мәселенің бірқатар техникалық шешімдері ұсынылды. Жалпыға ортақ бірде-бір шешім қабылданбады, сондықтан бұл мәселені тиісті дәрежеде қарастырамыз десек, тым әріге кетіп қалуымыз мүмкін. Дегенмен, салыстыруға келгенде біз әрқашан мұқият боламыз деген мәселеге көз жұма қарамауымыз керек. Мысалы, белгілі бір тағам түрінен немесе көңіл көтеруден көбірек ләззат алатын немесе азырақ ұнататын адамдар жайлы білеміз делік. Байыптай қарайтын болсақ, қайыршылықта өмір сүретін адамдарды күнде көріп жүрміз, сонымен қатар өмірдің рахатын көріп жүрген жандардың бар екенін де білеміз. Біз мұны қалай жасайтынымызды нақты білмесек те, салыстырудың мүмкін екеніне сенеміз. Осы мақсаттар үшін біз тұлғааралық пайдалылықты салыстыру қолымыздан келеді деп есептелік, бірақ утилитаристің мұны қалай жасауға болатынын түсіндіруі қажет екенін де естен шығармауымыз керек.

Саяси міндеттеменің утилитарлық теориясы.

Осы жерде біз негізгі мәселемізге қайта оралып, саяси міндеттеменің утилитарлық теориясы қалай болуы қажеттігін сұрауымыз керек.

Джеремии Бентам ДЖЕРЕМИ БЕНТАМ (1748–1832), Үкімет туралы фрагмент еңбегінде «Патшаға қол астындағылары бағынулары тиіс... тек бағынудан келетін зиян қарсы шығудан келетін зияннан аз болған кезде ғана» деп жазады. (Росс Гамильтон ([1776], Кембридж: Кембридж Университет Press, 1988) 56)

Джеремии Бентамның жоғарыда айтылған пікіріне сай, егер бағынудың пайдасы оның құнынан артық болса, біздің биліктегілерге бағынғанымыз жөн. Бұл менің заңға мойынсұнуым немесе мойынсұнбауға қарағанда қоғамды әлдеқайда бақыттырақ ете түссе ғана, заңға бағынуым қажет деген теорияға ұқсас



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Утилитаризм

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

сияқты көрінеді.

Алайда бұл Бентамның доктринасы болса, жылт еткен бір ой мұның заң бұзушының хартиясы екенін еске салады. Өйткені, айналып келгенде менің бақытым - жалпыға ортақ бақыттың бір бөлігі ғой. Сондықтан қандай да бір жолмен заңды бұзсам, айталық, ірі кітап дүкенінен кітап ұрлап, содан бақытты бола түссем әрі ол туралы ешкімнің білмейтініне және айтарлықтай шығынға ұшырамайтынына сенімді болсам, утилитаризм бұған рұқсат беріп қана қоймай, менен тіпті ұрлық жасауды талап ететін сияқты көрінеді. Осыдан утилитарлы теорияның заң бұзушылыққа жиі жол беретінін байқауға болады.

Бұл утилитарист адамның қалауын білдіруі мүмкін бе? Бұл күмәнді болып көрінеді. Мысалы, біз жалпыға ортақ бақыт еселене түседі деп ойлаған сайын заңды бұза берсек, не болатынын ойлап көріңізші. Олай болса, менің ренішімнен гөрі сіздің бақытыңыз әлдеқайда артық болса, менің кез-келген затымды иелене аласыз. Бұл жерде мүлікке ие болу, болмау – сенімсіз, шүбәлі және тұрақсыз болғандықтан, бірден өндіру үшін ешкім жұмыс істемес те еді. Бұл сенімсіздік табиғи күйдегі сенімсіздік секілді жалпыға ортақ бақытсыздық (сорлылық) сезімін тудырады. Бұл жерде тағы бір парадокс орын алады: әрқайсымыз жеке басымыздың бақытын еселейміз деп тырысқан кезде жалпыға ортақ бақытсыздыққа душар боламыз. Бұл 1-бөлімде талқыланатын тұтқын дилеммасының тағы бір мысалы: жеке бастың бақыты үшін әрекет ету ұжымдық бақытты кеміте түседі.

Олай болса, Утилитарист бізге заңдар жинағы керек деп айтуы мүмкін. Егер ортақ бақыт сезімін туғызса, олардың бірінің бұзылуына да қарамастан, заңдар сақталуы тиіс. Мұны жанама утилитаризм деп атауға болады. Мұндағы басты идея – бәріміз тікелей утилитарлық терминдер тұрғысынан ойланатын болсақ, ісіміз кері кетпек. Демек, біз бақытымызды еселей түсу үшін утилитарлы емес пайымдарды негізге алып, заңдарға бағынуымыз керек.

Осындай ұқсас аналогияны бейнелеу адамның өз бақытын іздеуіне көмектеседі. Өз бағын лоторея ойнатуда сынауға құштар адамдардың ашқан жаңалығы мынадай: егер сіз алдыңызға бақытты боламын деген мақсат қойып, сол үшін барынша тырыссаңыз, бұл ісіңіз көбіне сәтсіз аяқталады. Бірақ егер сіз басқа мақсат көздесеңіз: амбицияға толы ойларыңызды жүзеге асыруға ұмтылсаңыз, хоббиіңізбен айналыссаңыз, жақсы достар тауып, аралассаңыз - осы әрекеттеріңіздің жанама әсері арқылы бақытқа қол жеткізуге жетелейді. Осылайша жеке болсын, қоғамдық болсын, тікелей бақытты іздеу адамды құрдымға жібереді. Ең дұрысы, алдымызға басқа мақсаттар қойып, басқа ережелермен өмір сүру керек, әрине, бақыт бізді өзі іздеп табады деген үмітіміз үзілмеуі керек. Утилитарлы саяси философ, қалыпты жағдайдағы әр адамға міндетті заңдар жүйесін ұсынуы керек. Демек, қоғамдағы бақыттың деңгейіне, адам заңға бағынуының қалай әсер ететінін қарастырмауы керек.

Утилитарлық моральдың тұзағы

Утилитаризмнің негізін қалаушыларының бірі Дж. Бентамның «Адамдарды жинап, бірлестік құрғанда, олардың мүдделері ескерілсе ғана бағынуға міндетті» дегені шынайы көзқарасын білдірсе керек:

Бұл үзіндінің жалғасы мынадай бірнеше идеяны алға тартады:

1. Өзге бәсекелес заңдардан гөрі адамның бақытты болуына көбірек ықпал ете алатын заңдар ғана қабылдануы тиіс.
2. Заңдар – заң болғандықтан бұзылмауы тиіс. Заң бұзғандар жазаланатындықтан, оның сақталатыны да анық. Заңды тек апаттың алдын алу үшін ғана бұзуға болады.
3. Заңдар тиісті утилитарлық қызметті атқара алмайтын болса, олардың күшін жою қажет немесе жаңа заңмен алмастыру қажет.

Сөйтіп, саяси міндеттемелердің утилитарлық мәні енді түсінікті бола бастағандай. Мемлекетті заңдар жүйесінің провайдері әрі орындаушысы ретінде ғана ақтауға болады, және өзге кез-келген бәсекелес келісімге қарағанда адамзатты әлдеқайда бақытты ете алса ғана.

Егер біз мәселеге мемлекет пен табиғи күйдің керғарлығы тұрғысынан қарап, бірінші бөлімде көрсетілген Гоббстың аргументтерін дұрыс деп қабылдайтын болсақ, онда мемлекетті утилитарлы тұрғыдан ақтап алу шындыққа жанасатындай көрінеді. Жалпыға ортақ бақытқа үлес қосу тұрғысынан алғанда табиғи күйге қарағанда мемлекеттің артықшылығы басым сияқты көрінеді. Осыменен, утилитарлық тұрғыдан алғанда мемлекет толықтай ақталып тұр.

Дегенмен, мәселенің осылай сәтті шешілуіне қарамастан, мемлекетті утилитарлық тұрғыдан қорғауға болатынына сенетін саяси философтар бірен-саран ғана. Көп философтар аргументтің өзіндік терминдерін қолданғанда ғана жақсы көрініс беретінін мойындағанымен, оның алғышарттарымен және болжамдарымен



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Утилитаризм

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

келіспейді. Аргументтің өзі өте қарапайым. Негізінде, оның тек үш алғышарты бар:

1. Ең ізгілікті қоғам – бақытты барынша еселене түсетін қоғам.
2. Бақытқа жету үшін мемлекетте табиғи күйге қарағанда мүмкіндік әлдеқайда көп.
3. Қолымызда бар баламалар – тек мемлекет пен табиғи күй ғана.
4. Біздің осы орайдағы моральдық борышымыз - мемлекетті қолдау

Бастапқы 1 бөлімде біз анархистердің 2 және 3 алғышарттарға күмәнмен қарағанын көрдік, бірақ осы аргументтің мақсатын айқындау үшін оларды дұрыс деп көрелік. Бұл аргумент формальды түрде дұрыс болып саналады, өйткені алғышарттар дұрыс болса, қорытындының да дұрыс болары анық (біз моральдық тұрғыдан қарағанда мінсіз қоғам құруға және оны қолдауға міндеттіміз). Демек, бұл аргументтің ең осал тұсы алғашқы алғышарт, яғни пайдалылықтың түбегейлі принципі болып отыр.

Міне, мәселе қайда жатыр. Көптеген философтар утилитарлы пайымдарды қабылдамайды, олардың моральға қайшы өрескел салдары болуы мүмкін деп ойлайды. Атап айтқанда, утилитарлық мораль елеулі әділетсіздіктерге жол береді, кейде тіпті оларды талап етеді де. Мысалы, жұрттың бар күнәсін біреуге аударып, кінәлі етіп көрсеткен адамның қарсылығы қиындық тудырады: Утилитаризм жалпыға ортақ бақытқа қол жеткізу үшін орасан зор әділетсіздіктерге жол береді.

Кінәлі етіп көрсетілетін айыптының ұстанымына тоқталайық. Қандай да бір сұмдық қылмыс, мәселен, бірнеше адам қаза тауып, көп адам жараланған террорлық жарылыс жасалды дейк. Мұндай кезде полицияға қысым көрсетіліп, олардан қылмыскерлерді табуы талап ететіндер көбейеді. Қарапайым халықтың кек алғысы келеді әрі осы сияқты шабуылдың қайта жасалмайтынына сенімді болғысы келеді. Егер кінәлі адамдар жауапқа тартылса, жалпыға ортақ бақыт сөзсіз орнайтын болады.

Бірақ, утилитаризмге қарсы көзқарастағылар да халық кінәлі деп тапқан адамдар тұтқындалып, сотталса, жалпыға ортақ бақыттың еселене түсетінін байқайды. Олар шынымен күдікті болып табылған кездері бар, бір бөлігі көрінеді және т.б. тым құрығанда кек алуға деген талап қанағаттандырылады және біздің ұйқымыз тыныш болады (біз тіпті, мұның жалған екенін білсек те бәрібір).

Әрине, жазықсыздар да зардап шегеді. Бірақ, жалпы алғандағы халық бақытының еселенуі (немесе уайым-қайғыларының азаюы) жазықсыз адамдардың қасіретінен басым түсіп, маңыздырақ көрінеді де, утилитарлық қағида тұрғысынан виктимизацияны ақтап шығады. Сондықтан утилитаризмнің салдарынан жазықсыз адамдарды жазалауды моральдық тұрғыдан дұрыс деп есептейтін пікір қалыптасуы да мүмкін. Осыған ұқсайтын басқа да мысалдар кездеседі, мәселен, утилитарлық тұрғыдан құлдық күйді ақтап алу оңайға түседі.

Мәселе кінәсіздерді жазалаудың дұрыс-бұрыс екенінде емес; әрине, утилитарлық есеп тұрғысынан алғанда кінәлі адамдарды тауып, жазалау әлдеқайда дұрыс болар еді. Бірақ, барлық жағдай назарға алынғанда, әділ соттың кейбір қателіктері утилитарлық тұрғыдан ақталуы әбден мүмкін.

Утилитаризм неге урейлендіреді?

Философиялық пікірталастың басым бөлігі ойдан шығарылған мысалдарға негізделсе де, олардың арасында нақты жағдайлар да кездеседі. Бұл мәселе Біріккен Корольдікте болған пабтағы жарылысқа Ирландияның Республикалық Әскерінің қатысы бар екендігіне байланысты жұртшылыққа жеткізілген болатын. «Бирмингемдік алтылық» 1975 жылы кісі өліміне қатысты айыпты деп танылған болатын, алайда олар бұл айыпты полицияның өздерін ұрып-соғу арқылы мойындатқанын айтқан. Олар қамау кезінде алған дене жарақаттары үшін полицияның үстінен азаматтық іс қозғауға әрекеттеніп көрді. Лорд Деннинг 1980 жылы апелляциялық сотта шығарылған шешімінде полицияның үстінен азаматтық іс қозғауға рұқсат беру керек пе, полиция сот алдында жауап беруге тиіс пе деген мәселені қарастырды. Ол былай деген-ді:

Осы дауда алты адам жеңілсе, басқа көп адам өз уақыттары мен ақшаларын тектен-текке желге ұшырған болып шығады. Ал егер бұл істе осы алты адам жеңіп шықса, онда бұл жағдай полицияның жалған куәлік бергенін, күдіктілерге зорлық-зомбылық көрсетіп, кінәні мойындауға мәжбүрлегенін, соның негізінде айғақтарды дұрыс келтірмегенін білдіреді.

Олай болса, Ішкі істер министрі оларға рақымшылық жасауды ұсынуы қажет немесе істі Апелляциялық сотқа беру керектігін білдіруі тиіс. Мұндай келеңсіз жағдайда осы елдегі әрбір саналы адам былай дер еді: Бұл іс-қимылдардың ары қарай жалғасуы дұрыс емес. (Chris Mullin-нің сөзінен алынған, Сот шешімінің қателігі (REV. edn, Dublin: Poolbeg Press, 1990) 216)

Бірақ ақыр соңында, 1991 жылы бұл үкім күшін жойды. Лорд Деннинг кейінірек өз сөзінде «Өткенге қарасам, пікірлерімнің сынға ұшырауы орынды екен» деп мойындады. Бірақ, утилитаризм



Кітап: Саяси философияға кіріспе

Дәріс: Утилитаризм

Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

сыншыларының пікірінше оның аргументі утилитарлы ой-пікірді мүлтіксіз қолданумен бара-бар болмақ. Полиция қызметкерлерінің адамдарды жалған айыпты өз мойнына алуға мәжбүрлейтінін мойындаудан гөрі, жазықсыз адамдардың түрмеде қала бергені дұрыс сияқты. Және мұны айтқан сайын, утилитарлы пайымдауларға кесірі тие бермек.

Бірақ, утилитарист жоғарыда айтылған «жанама утилитаризмнің» стратегиясын қабылдаса, осы сияқты мәселелерден құтылатындай болып көрінуі мүмкін. Егер біз өзіміздің адамдар оңай құрбан бола салатын, айыбы болмаса да, кінәлі етіп көрсетілетін, осылайша түрмеге жабылатын қоғамда өмір сүріп жатқанымызды білсек, ойымызда пайда болатын қорғансыздық сезімі бойымыздағы адами бақытты жоқ етпек.

Айналып келгенде, келесі айыпсыз жазықты мен болмайтыныма (келесі жолы бар кінәні жазықсыз болсам да, маған артпасына) кім кепіл? Утилитарист, тиісінше, адамдарға кінәсіз болса, жазаланбайтындай ететін құқық беруі керек. Осындай Шебер утилитарлы тәсіл арқылы айыпсыз жазықтылар мен солар сияқты адамдардың наразылықтарынан құтылуға болады. Шынымен де, утилитарист «бирмингемдік алтылыққа» қатысты Деннингтің бірінші аргументін теріске шығара отырып, оларға бостандық берудің залалынан гөрі пайдасының көбірек болғанын айта алады. Бәлкім, британдық сот жүйесінің беделіне нұқсан келген шығар, бірақ, осы іс пен оның жариялылығының арқасында қылмысты мойындауларға қатысты тіркеудің тәртібі барлық адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететіндей әрі олардың пайдасына шешілетіндей етіп, анағұрлым тиімді түрде қайта жасалды.

Утилитаризмді қорғауды жанама утилитарлы аргументтің табысты болуы маңызды саналады. Егер утилитарлық теория жеке тұлға құқықтарының теориясына - мысалы, виктимизацияға қарсы теорияға - бейімделе алса, оған деген стандартты қарсылықтар да жойылар еді. Біз утилитаризмнің осы міндетті қалай шеше алатынының үлгісін көрдік, дегенмен, аталмыш қарсылықтарды одан әрі өрбітетін әдістер де бар. Мысалға, адамдар айналада не болып жатқанын түсінетін болса, онда (айыпсыз жазықтылықтың) жазықсыз адамға кінә артудың салдарынан жалпы сенімсіздік пайда болуы мүмкін. Бірақ қоғам шындықты ешқашан білмесе, ешнәрсеге алаңдамайды да. (Негізі, оларды алаңдататын мәселелер баршылық, бірақ ештеңеден хабары болмағандықтан, мазасызданып, бас қатырып жатпайды). Сондықтан утилитарлы теңгерілімді толықтыратындай қосымша негатив бірліктер жоқ. Осылайша, Біреуді айыпсыз жазықты ету (бар кінәні бір адамға аудару) тиімді болса әрі құпия сақталса ғана, утилитарлық тұрғыдан ақталды деген сөз. Әрине, бұл ойдың адамды үрейлендіретіні анық.

Мұндағы маңызды қарсылық мынада жатыр: утилитаристердің есептері өздері үміттенгендеріндей орындалғанмен, мұндағы оң нәтижеге теріс себеп арқылы қол жеткізуге болады. Бәлкім, құпия (жасырын) виктимизация саясаты шын мәнінде бақыт әкелмейтін де шығар. Бірақ, утилитаризмнің қарсыластары мұның соншалықты маңызды емес екенін айтады: жалпыға ортақ бақыт үшін оның пайдалы жақтары болса да, ешбір адам құрбан болмауы керек. Бирмингемдік алтылыққа бостандық берілуі керек. Мұның салдары қандай болса да, бәрібір босатылуы керек. Оның үстіне, егер утилитаристер бақыттың максималды деңгейіне қол жеткізуді ғана ойласа, неліктен құқықтың утилитарлы теориясын жасау үшін қыруар күш жұмсайды? Бұл өз теориясына деген сенімнің жоқтығын көрсететін сияқты. Біз осы талқылаудың мақсаты үшін, утилитарлы теория, сайып келгенде, мұндай сыннан құтыла алмайды деп болжай аламыз, бірақ кейіннен ол жоққа шығарылуы да мүмкін. Мемлекетті утилитарлы тұрғыдан жанама түрде ақтау салмақты болып көрінгенімен, утилитаризмнің өзі, тіпті жанама түрде болса да, күмәнді болып отыр. Мемлекетті қорғаудың мұндай тәсіліне көңіл толмайтындай негіздер де бар.